

«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЗЕРЕНДІ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ ШАҒАЛАЛЫ
АУЫЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА СЕЛА ШАГАЛАЛЫ ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО ЗЕРЕНДИНСКОМУ
РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

021231 Зеренді ауданы Шағалалы а
көш. Ынтымақ 13 тел: 8 (71632) 24-2-45

021231 Зерендинский район с. Шагалалы
тел: 8 (71632) 24-2-45) ул. Ынтымак 13

Мемлекеттік қызметтер бойынша 2025 жылғы есеп

1. Жалпы ережелер

Көрсетілетін қызметті берушілер туралы мәліметтер:

«Шағалалы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Занды мекенжайы: Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Шағалалы ауылы, Ынтымақ 13 ықшам ауданы. Байланыс телефоны 8(716-32) 24-2-45

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтер:

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Шағалалы ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ - інде 55 мемлекеттік қызметтер көрсетіледі.

2025 жылы барлық көрсетілген мемлекеттік қызметтер-67, соның ішінде: электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсетілді 55 қызмет; қағаз түрінде көрсетілген мемлекеттік қызметтер – 12 қызмет.

«Бастауыш, негігі орта, жалпы орта білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту ведоствалық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» - 38;

«Жалпы орта білім беру мекемелері арасындағы оқушылардың ауысуы бойынша құжаттарды қабылдау» - 20;

«Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың көшірме нұсқаларын беру» -1;

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» - 0;

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» - 0;

- «Негізгі білімін аяқтағаны туралы аттестаттар беру»- 45.

Білім саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

3. Ең танымал мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат.

Білім саласындағы ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:

«Білім беру ұйымдарына ,бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін мектептердің ведомстволық бағыныстылығына қарамастан,оқу үшін жалпы білім беретін бағдарламаларына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау бастауыш,негізгі орта білім» «Ұйымдар арасында (негізгі орта, жалпы орта білім берудің басталуы) балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»

«Жалпы оқумен қамту» қорынан жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларды ыстық тамақ пен қамту бойынша өтініштер мен құжаттарды қабылдау

Қызметті алушылармен жұмыс:

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Көрсетілетін қызметті алушыларға қажетті барлық ақпарат Білім басқармасының <http://sc0034.zerenda.aqmoedu.kz/content/pravila-okazaniya-gosudarstvennyh-uslug> ресми интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған. , мемлекеттік қызметтерді көрсету ережелері мен стандарттары орналастырылған. Сондай-ақ, барлық ведомстволық бағынысты ұйымдарда мемлекеттік қызмет көрсету ережелері мен стандарттары ақпараттық стендтерде орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары бар.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қоғамдық талқылау туралы ақпарат.

Қазіргі уақытта ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында заңға тәуелді актілердің жобаларын қоғамдық талқылауда ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет- порталында жүзеге асырылады.

Мектепте нормативтік құқықтық актілер әзірленбеген.

Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және басқалар).

Мемлекеттік қызметтерді көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында облыстағы барлық мектепке дейінгі, орта, арнаулы білім беру ұйымдары Akmol.kz бірыңғай ақпараттық жүйесінде жұмыс істейді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.

2025 жылы Мемлекеттік қызмет көрсетуге шағымдар тіркелген жоқ.

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері.

Мемлекеттік қызмет көрсету ретінде бұзушылықтар болған жоқ.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингінің нәтижелері.

Қоғамдық мониторинг нәтижелеріне сәйкес, 2024 жылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерінде бұзушылықтар анықталған жоқ. қызмет қол жетімді.

5. Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына одан әрі тиімділігі мен қанағаттанушылығын арттыру перспективалары.

Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттануын арттыру мақсатында 2026 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша жоспарлы көрсеткіштер бекітілді, 2026 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы ҚР заңнамасын сақтау мәселесі бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бүгінгі күні мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің маңызды бағыты болып қала береді: мемлекеттік басқаруды жетілдірудің нысаналы көрсеткіштерінің бірі азаматтардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттануын арттыру болып табылады. Яғни, мемлекеттік басқару органдары Азаматтар мен ұйымдардың мүддесі үшін қызмет көрсететін "сервистік мемлекет" моделіне көшу міндеті бекітілген, ал мемлекеттік басқару сапасының негізгі бағалауларының бірі азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттануы болып табылады. 2026 жылы "Шағалалы ауылының жалпы білім беретін мектебі" КММ жеке және заңды тұлғаларды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету жұмысын жалғастырады.

Мектеп директоры:



Абдрахманова А.А.